



Scientific article
IRSTI 21.31.35



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-103-117>

AKHYT ULIMZHIULY'S "KHAS ZHAKSY" CONCEPT

^aMuratkhan MAKHMET^{ID}, ^aKalmakhan YERZHAN^{ID}✉

^a*Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan*

✉ kalmakhanyerzhan@gmail.com

Abstract. This article provides a philosophical analysis of the significance and essence of the categories of morality and virtuous character, which form the core of human spiritual being and constitute a central theme in the works of Aqit Ulimzhiuly. These categories define the ontological nature of the individual, shaping one's inner spiritual world, worldview orientations, and social relations, and thus function as fundamental regulators of human existence. The true essence of a person is revealed not in external appearance or knowledge, but in ethical values such as honesty, justice, compassion, responsibility, and truthfulness. Aqit Ulimzhiuly's doctrine of "Khas Zhaksy" is distinguished from Abai's concept of the "Perfect Man" by its substantive and structural particularities, representing a unique manifestation within the system of Kazakh moral philosophy. Based on the principle that "The good brings benefit to the people, while the bad destroys society," Aqit asserts that a person of virtuous character and stable moral integrity serves as the principal regulating force of social life.

In the context of Islamic akhlaq doctrine, the "Khas Zhaksy" concept is interpreted as a supreme ethical guideline leading toward the ideal of the perfect human and the true Muslim. In this regard, it appears as a synthesis of ethical and philosophical tenets, reflecting the moral principles and axiological foundations of Islamic philosophy.

Keywords: Aqit Ulimzhiuly, Khas Zhaksy, morality, virtuous character, moral philosophy, Islamic philosophy, akhlaq, perfect man, ethical values, axiology.

For citation:

Makhmet, M., & Yerzhan, K. (2026). Akhyt Ulimzhiuly's "khas zhaksy" concept. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 103-117 <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-103-117>.

АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫНЫҢ «ХАС ЖАҚСЫ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

^aМұратхан МАХМЕТ, ^aҚалмахан ЕРЖАН

^a«Нур-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

КОНЦЕПЦИЯ «ХАС ЖАҚСЫ» АҚЫТА УЛИМЖИУЛЫ

^aМұратхан МАХМЕТ, ^a Қалмахан ЕРЖАН

^aЕгипетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Ақыт Үлімжіұлы шығармаларына арқау болған адамның ішкі рухани болмысының өзегі саналатын адамгершілік пен көркем-мінез категорияларының мәні мен маңызы сипатталады. Аталған категориялар ең алдымен адамның онтологиялық болмысын айқындай отырып, тұлғаның ішкі рухани әлемін, дүниетанымдық бағдарларын және әлеуметтік қарым-қатынастарын реттеуші, басты негіз ретінде қарастырылады. Адамның шынайы мәні оның сыртқы бейнесінде немесе білім деңгейінде емес, керісінше этикалық құндылықтарында – адалдығы, әділеттілігі, жанашырлығы, жауапкершілігі мен шыншылдығында көрініс табатыны дәлелденеді. Ақыт Үлімжіұлы дүниетанымындағы «хас жақсы» мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерімен Абайдың «Толық адам» концепциясынан дараланып, қазақ моральдық философиясының бірегей көрінісі ретінде сараланады. «Жақсының елге тиер шарапаты, Жаманның елді бұзар кесапаты» қағидасына негізделген бұл ілімде көркем мінез иесі, моральдық бейнесі орнықты тұлға қоғамдық өмірдің негізгі реттеуші күші ретінде пайымдалады.

Исламдық ахлақ ілімімен сабақтастықта «Хас жақсы» концепциясы шынайы мұсылман кемел адам болмысына жетелейтін жоғары этикалық бағдар ретінде талданады. Осы тұрғыдан алғанда, аталған ілім ислам философиясындағы ахлақтық ұстанымдар мен адамгершілік принциптерінің синтезі ретінде ерекше философиялық және аксиологиялық маңызға ие.

Түйін сөздер: Ақыт Үлімжіұлы; Хас жақсы; адамгершілік; көркем мінез; моральдық философия; ислам философиясы; ахлақ ілімі; толық адам; этикалық құндылықтар; аксиология.

Аннотация. В данной статье философски осмысливается значение и сущность категорий нравственности и благонравия, лежащих в основе духовного мира человека и составляющих центральную тему творчества Акыта Улимжиулы. Указанные категории определяют онтологическую природу личности, ее внутренний духовный мир, мировоззренческие установки и социальные отношения, выступая фундаментальными регулятивами человеческого бытия. Истинная сущность человека раскрывается не во внешнем облике или уровне знаний, а в его этических ценностях – честности, справедливости, сострадании, ответственности и правдивости.

«Хас хороший» (или «Хас жақсы») доктрина в мировоззрении Акыта Улимжиулы отличается содержательными и структурными особенностями от концепции Абая «Совершенный человек», представляя собой уникальное явление в системе казахской моральной философии. Основываясь на принципе «Благо от хорошего достается народу, а зло от дурного разрушает общество», мыслитель утверждает, что личность, обладающая благонравием и устойчивым моральным обликом, является ведущей регулирующей силой общественной жизни.

В контексте исламской ахлак-доктрины концепция «Хас жақсы» трактуется как высший этический ориентир, ведущий к идеалу совершенного человека и истинного мусульманина. В этом отношении данное учение предстает как синтез этических и философских положений, отражающий моральные принципы и аксиологические установки исламской философии.

Ключевые слова: Акыт Улимжиулы, Хас жақсы, нравственность, благонравие, моральная философия, исламская философия, ахлак, совершенный человек, этические ценности, аксиология.

Дәйек сөз үшін:

Махмет, М. Ержан, Қ. (2026) Ақыт Үлімжіұлының «Хас жақсы» концепциясы *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. 154 (1). 103-117. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-103-117>.

Кіріспе

Адамзат дамуының бүкіл тарихи-әлеуметтік эволюциясында адамның еркі мен мінезі негізгі жетекші қоғамдық күш ретінде сипатталып, әрқашан философиялық рефлексия мен теориялық дискурстың нысаны болып келген. Адамгершілік пен көркем мінез мәселесі – жеке тұлғаның онтологиялық болмысының сипаты ғана емес, сонымен бірге оның өмір сүрген әлеуметтік ортасының аксиологиялық айнасы ретінде де айқындалады (Dong et al., 2023).

Бұл құбылыс қазіргі қазақ қоғамына тән рухани-әлеуметтік үдерістердің бірі болып табылады. Түркі-мұсылман ой кеңістігінің көрнекті өкілдері – Қожа Ахмет Ясауидің «Хал ілімі», Абайдың «Толық адам ілімі», сондай-ақ Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар ілімі» сынды концептуалды ілімдері адам болмысының онтологиялық және аксиологиялық негіздерін айқындап, жеке тұлғаның кемелдікке жету жолындағы ізгі қасиеттерін дәріптейді. Аталған ілімдер жүйесі түркі-мұсылман, соның ішінде қазақ-мұсылман дүниетанымдық синтезін қалыптастырып, философиялық-этикалық жүйе ретінде орныққан. Осы тұрғыда «адамгершілік» категориясы қазақ тіліндегі «көркем мінез», «қайырымды», «салиқалы», «мейірімді» сияқты ұғымдар арқылы нақты мазмұнға ие болып, моральдық-философиялық мағынасын кеңейтеді.

Мәселенің өзектілігі – жоғарыда аталған концепциялық жүйелер қатарына ақын, ойшыл, діни ағартушы Ақыт Үлімжіұлының (1868–1941) «Хас жақсы» ілімін енгізу орынды деп санаймыз. Қазақ қоғамындағы ізгілік пен адамгершілік мәселелері үнемі күн тәртібінен түспейтіндіктен, Ақыт Үлімжіұлының этикалық-философиялық көзқарастары қазіргі гуманистік парадигмалармен үндесіп жатыр. Сондықтан «Хас жақсы» ілімі моральдық философиядағы жаңа ғылыми ізденістер үшін маңызды әрі қазіргі заманғы рухани құндылықтармен сабақтасып жатқан тұтас жүйе ретінде айрықша мәнге ие.

Мәселенің өңделу дәрежесі – жоғарыда аталған ойшылдар сынды, Ақыт Үлімжіұлы да өзінің ілімдік ерекшелігіне арнайы атау бермегенімен, ақынның адамгершілік ілімін және моральдық философиясын біртұтас жүйе ретінде қарастыра отырып, біз оны шартты түрде «Хас жақсы ілімі» деп атауды ұсынамыз. Дінтану мен философия саласында алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отырған бұл ілімдік жүйе өзінің жаңалығы және өзектілігімен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының объектісі – Ақыт Үлімжіұлының шығармашылық мұрасы. Әсіресе ақынның адамгершілік пен көркем мінезге қатысты көзқарастары мен ой-тұжырымдары философиялық тұрғыдан қарастырылады.

Зерттеу жұмысының пәні – Ақыт Үлімжіұлының «Хас жақсы» ілімінің идеологиялық және этикалық негіздері. Сондай-ақ ақын еңбектеріндегі адамгершілік пен моральдық-философиялық ұғымдардың мазмұны және олардың қазақтың дәстүрлі моральдық философиясы жүйесіндегі орны айқындалады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Ақыт Үлімжіұлының «Хас жақсы» ілімінің идеологиялық және этикалық негіздерін жүйелі сипаттау. Бұл мақсат аясында ақын шығармаларындағы адамгершілік пен көркем мінезге қатысты ұғымдарға текстологиялық-философиялық талдау жасалып, олардың мәндік құрылымы ашылады. Сонымен қатар, аталған ілімнің қазақ моральдық-философиялық ойлау жүйесіндегі маңызы мен қазіргі қоғамдағы рөлі айқындалады.

Зерттеу әдістері

Мақала Ақыт Үлімжіұлының «Хас жақсы» ілімінің идеологиялық және этикалық негіздерін талдауға бағытталды. Ақын мұрасындағы адам бойындағы ізгі қасиеттерді біріктірген «хас жақсы» концепциясын зерделеу барысында мәтінтанулық-философиялық талдау әдістері пайдаланылды.

Атап айтқанда, мәтін мазмұнын түсіндіру және ілімнің ішкі мәнін айқындау үшін герменевтикалық талдау, адамгершілік ілімін философиялық болмыс тұрғысынан зерделеу үшін феноменологиялық әдіс, ал тұлғаның мінез-құлқы мен адамгершілік ұғымдарының психологиялық қырларын саралау үшін психоаналитикалық тәсілдер қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеудің әдіснамалық негізін Ф.А. Кузиннің ғылыми әдіснамасы құрайды. Оның ішінде эмпирикалық және теориялық деңгейлерде жүзеге асатын абстракция, талдау және синтез жолдары басшылыққа алынды (Кузин, 2011).

Талқылау және нәтижелер

А. Үлімжіұлы шығармаларындағы «Хас жақсы» ілімін жеті қағидатқа біріктіруге болады. Бұл қағидаттар Ақыт этикасының жалпы жүйесін құрайды.

1. Адалдық және шыншылдық. Адам бойындағы бұл екі қасиет – адам болмысының, қасиетінің шыңы. Түркиялық ғалым, мәдениеттанушы Халил Ибраһим Булуттың пайымдауынша, «адамгершіліктің негізгі қағидаларының бірі – шыншылдық. Өйткені болмысы, сөзі, мінез-құлқы дұрыс адамда басқа кейбір моральдық ережелер әдетке айналуы мүмкін. Адалдық – адамның айтқаны мен істегенінің үйлесімділігі. Басқаша айтқанда, шыншылдық дегеніміз – сөз бен болмыстың бір болуы. Әділдік пен соған ұқсас ізгіліктер жоқ адамдар мен қоғамда туысқандық, бейбітшілік пен тыныштықты жалғастыру мүмкін емес» (Bulut, 2015, ss. 65-81).

Ғалым атап көрсеткендей, адалдық пен шыншылдыққа қарама-қайшы келетін өтірік пен арамдық қоғамда үстемдік еткен жағдайда, өзге барлық ізгіліктер де өз маңызын жоғалтады. Мұндай ортада өтірік пен жаладан туындайтын алауыздық пен дұшпандық қоғамды күйзеліске ұшыратады. Бұл тұрғыдан алғанда, шыншылдық пен адалдық адамзат өркениеті үшін тек моральдық норма ғана емес, сонымен қатар қоғамдық тұрақтылықтың негізгі кепілі болып табылады. Сондықтан барлық әлемдік діндер шындықты айтуды бұйырып, өтіріктен тыюды басты этикалық қағида ретінде ұстанады. Демек, шыншылдық – барлық діндерге ортақ әмбебап моральдық категория.

Сондықтан, адам бойындағы барлық көркем мінез адалдық пен шыншылдықтан бастау алады. Адал, шынайы өмір сүрген адам бақытқа жетеді. Бұл туралы Құран Кәрімнің Бақара сүресінде былайша баяндалады: «Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ кім Аллаға, ақырет күніне, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолда қалғандарға, қайыршыларға көмектесуге және құл азат етуге мал сарып қылса әрі намазды толық орындап, зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне солар шыншылдар әрі солар тақуалар» (Құран Кәрім, 2018, 2/177).

Құран Кәрімде осындай және осыған ұқсас аяттардың айрықша көптігі, сондай-ақ соңғы пайғамбардың ең маңызды қасиеттерінің бірі ретінде шыншылдығының ерекше

аталуын назарға алсақ, ислам ілімінде бұл категорияның түбегейлі мәнге ие екендігі айқын көрінеді. Белгілі бір тұрғыдан алғанда, ислам дінінің моральдық-этикалық тұғырнамасы шыншылдық қағидасына негізделген деп пайымдауға болады.

Шыншылдық хақында ислам ғалымдарының ілімінде сан алуан анықтамалар мен түсініктер қалыптасып, олардың бірқатары бізге дейін жетіп отыр. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы тарапынан 2023 жылы шыққан «Сопылық» кітабында шыншылдықтың түрлері туралы «ислам құжаты» Әл-Ғазалидің төмендегідей ақпарат келтіреді:

Имам Ғазали шыншылдық туралы баяндай келіп, оның алты түрін ұсынады:

1. Сөз шындығы;
2. Адамның ықтияры мен ниетінің шындығы;
3. Ойға алған мақсаттың шындығы;
4. Опалылық;
5. Іші мен сыртының үйлесімі;
6. Жүрекке дүниені енгізбеу.

Сонымен қатар, имам Әл-Ғазали осы алты шыншылдықты берік ұстаған адамның шыншыл адам немесе «сыддық» деп аталатынын жеткізеді (Ғазали, 1978, 120 б.).

Ақыттың еңбектерінде адалдық пен шыншылдық мәселесі ерекше орын алады. Ақын адамды әрдайым шынайылыққа ұмтылуға, өтірік пен екіжүзділіктен аулақ болуға үндейді. Оның көзқарасы бойынша, шынайы иман мен адалдық адамның жүрегінде орныққан терең сенім арқылы ғана жүзеге асады. Философиялық тұрғыдан алғанда, шыншылдық – Алланың ризалығына жетудің негізгі рухани-этикалық қасиеттерінің бірі ретінде бағаланады. Ақыттың Абай жырларына түсіндірме стилінде жазған «Далайлұл Ғақлия» еңбегінде адалдық пен шыншылдықтың сипаттарын Абайша толғайды, Абайша сынайды.

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек,
Шынды құйып, өтірік-өсекке ермек.
Шариғат, ақыл, ғұрып бірін алмай
Азға көнбей, қорыққанда көпке көнбек.
Кеңшілікте білімсіп, кердең жүрмек,

Әйтеуір, сүйенгені көп пен дүрмек (Қарымсақов, 2014, 108 б.) – деп А. Үлімжіұлы шариғатқа бойсұнбайтын, ақыл тыңдамайтын, халықтың ұзақ жылдардан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен ғұрпын жоққа шығарушыларды қатаң айыптайды.

Арам ақыл құрғаны аяқ тұзақ,
Жақтырмай жақын сөзің болар қажақ.
Жөн табар деп жөніне қоя берсең

Кетпейді ғадатынан тағы да ұзап (Қарымсақов, 2014, 109 б.) – деп арам ақылмен жүйріктерге тұзақ, кедергі қойғыш жылпостарды бір сынап өтеді.

Ақыт өлеңдерінде адалдық пен шыншылдықтың сипаттары туралы Құран мен хадистерде келген анықтамаларға, ұлттың дәстүрлі дүниетанымына және адамгершілік нормаларына негізделе отырып, өзінің анықтамасын береді және оны қысқаша былай тұжырымдайды:

Әдеп, әркен, обал мен сауап бар деп

Сондай жас көрінеме ар сақтаған (Қарымсақов, 2014, 114 б.).

Мұндағы әркен (ارکان – arkan) сөзі араб тілінен енген сөз болып, қазақ тілінде белгілеме, жүйе, норма, тұтастың бөлімі деген мағынаны білдіреді. Осылай, А. Үлімжіұлы этиканың негізгі өлшемі саналатын адалдық пен шыншылдықтың негізі – әдеп, обал, сауап және ар-ұят деп түйіндейді.

2. Әділеттілік. Әділдік ұғымы этикалық нормалардың бірі ретінде қарастырылады. Оның қысқаша философиялық анықтамаларының бірі – «*бәрін өз орнына қою*» немесе «*әркімге және жалпыға лайықты бағасын беру*» (De Micco, 2024, p. 61). Немесе Аристотельше айтқанда әділеттілік – кез келген жағдайдың тең ортасы (Реми, 2015).

Жаратушы Алла қанша пайғамбар жіберсе де, олардың барлығына жүктелген негізгі миссия – адамдар арасында әділдікті орнату болды. Әділдік – тек діни категория ғана емес, ол қоғамдық өмірдің тұрақтылығы мен дамуының іргелі философиялық принципі. Егер қоғамда әділдік салтанат құрмаса, ондай құрылымның ұзақ ғұмыр кешуі мүмкін емес. Тарихи-философиялық тұрғыдан алғанда, күпірлік қоғамы өздігінен өмір сүре беруі ықтимал, алайда зұлымдыққа негізделген қоғамның түбінде күйреуі – заңды құбылыс.

Құран Кәрім әділет ұғымын түрлі контексттерде атап өтіп, оны барлық жағдайда бұлжымас қағида ретінде ұстануды міндеттейді. Бұл қағида Құранның адамзат қоғамына берген негізгі этикалық-онтологиялық бағдарларының бірі болып табылады. Әділет – тек құқықтық қатынастарды реттеудің құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақты дамуы мен өміршеңдігінің түпкі іргетасы. Философиялық тұрғыдан алғанда, әділетті категориясы әлеуметтік болмыстың үйлесімділігін қамтамасыз ететін принцип ретінде көрінеді. Өйткені әділет орнамаған қоғамның күйреуі – тарихи заңдылық. Осыған сәйкес Құран Кәрім әділетті қоғамның өмір сүруінің ең негізгі шарты ретінде қарастырады және оны адам мен қоғам болмысының іргелі мәні ретінде айқындайды. Құранда әртүрлі жағдайда әділдік жасау бұйырылған: «Негізінде Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан хәм зорекерліктен тыяды. Сендерге насихат береді. Әрине түсінерсіңдер» (Құран Кәрім, 2018, 16/90), «Раббым әділдікті бұйырды. Әрбір құлшылық орнында бет алыстарыңды тура лап, діндеріңді Аллаға арнап отырып, Одан тілеңдер. Сендер бастапқы жаратқанындай және Оған қайтасыңдар» (Құран Кәрім, 2018, 7/29), «Жетімнің малына жақындамаңдар. Бірақ ол, есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да әділдікті айтыңдар. Және Алланың уәдесін орындаңдар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіңдер» (Құран Кәрім, 2018, 6/152).

Әділеттілікке қатысты Құран аяттары жиі кездеседі, бұл оның ислам іліміндегі айрықша орнын айқындайды. Демек, әділет жолы – ислам жолының ажырамас бөлігі. Алланың бары мен бірлігіне иман келтірген әрбір мұсылманнан мінез-құлқында әділеттілік таныту күтіледі, әрі ол діни-этикалық талап ретінде қарастырылады. Философиялық тұрғыдан алғанда, әділеттілік иман мен амалдың тұтастығын қамтамасыз ететін онтологиялық және аксиологиялық өлшем болып табылады. Ақыретке сенген мұсылман үшін әділетсіздік жасау тек моральдық қате емес, сонымен қатар имани қайшылық болып саналады. Өйткені Аллаға сенген адам әрбір ісі мен сөзі ақиқат алдында бағаланатынын ұмытпайды, сондықтан әділетсіздікке бару оның сенімінің ішкі мәніне қайшы келеді. Осылайша, әділеттілік ислам дүниетанымында жеке адамның рухани тұтастығын және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құндылық ретінде айқындалады.

Ақыттың діни-этикалық ілімінде әділеттілік маңызды орын алады. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынаста да, адамның өзіне деген қатынасында да әділетті болуға шақырады. Ақыттың әділеттілік ұстанымы үш маңызды түйінге негізделеді:

- Әділеттілікті Алланың бұйрығы екенін түсіндіру;
- Әр адамды өз өмірінде әділдікке ұмтылуға шақыру.
- Әділеттілік адамның күнделікті өмірінде, отбасы мен қоғамда да көрініс табуы керек.

А. Үлімжіұлы 1919 жылы «Насихат» деп аталатын көлемді еңбегін жазды. Көлемді деуіміздің себебі – бұл өлең «Билерге», «Байларға», «Моллаларға», «Кедейлерге», «Кәрілерге», «Жігіттерге», «Әйелдерге», «Қыздарға» деген сегіз тақырыптан тұратын желілес шығарма болып табылады. Ақыттың осы циклді өлеңдері адамдарды адамгершілікке, отан сүйгіштікке және әділеттілікке үндейтін дүниетанымдық мазмұнға ие. Философиялық тұрғыдан алғанда, «Насихат» ақынның этикалық жүйесін тұтастай бейнелейтін, оның құндылықтар әлемін ашып көрсететін шығармасы болып саналады. Оның осы өлеңдегі билерге деген өлеңі былай басталады:

Ұлық болсаң әділ бол,
Шариғат ұстап кәміл бол.
Елдің ғұрпын, жұрт жолын,

Жете байқап таныр бол (Қарымсақов, 2014, 45 б.) – деп ел билейтін басшыларға, билерге әрбір істе әділетті болуға шақырады. Тек шақырып қана қоймайды, барлық ел басыларын халықтың салт-дәстүрі мен жөн-жоралғысына қанық болуға шақырады. Ол үшін А. Үлімжіұлы барлық ел басқарған адамдар шариғатқа берік болсын деп үндейді.

Ақыт шығармаларында әділдік тек ел басқару және адамдардың арақатынастарында ғана көрініс таппайды. Сонымен қатар, адамның өз-өзіне әділ болуы да осы санатқа кіреді.

Өз-өзіне әділ болу мәселесі Ақыт шығармаларында ерекше мазмұн ретінде көрінеді. А. Үлімжіұлы оны төрт түйінге бөліп қарастырады. Оның біріншісі – адамның өзін-өзі тануы. Ақыт адамдық қалыпты сақтауда әрбір адамды Жаратушы Алла алдында өзінің қауқарсыз пенде екенін тануға шақырады. Бұл көзқарас Ақыттың өлеңдерінде «Пақыр Ақыт», «пақырың», «өзім надан жүрегім, ақтамаймын» деген атаулар мен теңеулер арқылы өзін сипаттауында айқын көрініс табады. Ақынның:

Тақсыр Пір, нашар едім сіз жоқ жерде,
Қайтып азбай тұрамын надан елде.
Мағлұм өзіңізге нашар халым,

Кісі емес анық күшті сірә, менде (Қарымсақов, 2014, 209 б.) – деуі өз-өзіне жасалған әділдіктің белгісі деп қарауға болады.

Қабылдау сезімі. Бұл адамның өзінің қателіктері мен кемшіліктерін мойындауы. Ақынның «Пір түгіл, хақтан қорқу еске келмей, жасымда балалықпен жүрдім ғапыл» (Қарымсақов, 2014, 222 б.) – деп өкінуін пенденің Алла алдында өз қателігін мойындауы және ақынның өлеңмен жазылған тәубасы деп қарастыруға болады. Сондай-ақ, адамның рухани кемелденудегі бұл жағдайды сопылықтағы мурақаба халімен салыстыруға болады. Дінтанушы Бұлан Жоламан мурақаба сөзіне өзін-өзі түзету деген анықтаманы бере отырып, “Сопылық” кітабында Жунайд Бағдадидің сөзінен мысал келтіріп, былай деп жазады: «Кімде-кім мурақабаның ақиқатына жететін болса, ол басқасынан емес, тек

қана раббысынан алатын нәсібін шығарып алмау үшін алаңдайды» - деп сипаттайды (Бұланұлы, 2023, 338 б.).

Жауапкершілік сезімі – бұл пенденің қоғамдық ортада өзі тікелей атқаруға тиісті немесе жанама түрде қатысы бар барлық іс-әрекеттерге жауапкершілікпен қарауы. Сонымен қатар, ол атқарылған әрекеттің нәтижесін қандай болса да сол күйінде қабылдауды, сондай-ақ, туындаған салдар үшін өзгелерді кінәламай, өзін-өзі бақылауды және өз ісіне толық көңіл бөлуді қамтиды.

Бұл жалғанның қызығы,
Алдаушысы – адам көзінде.
Адамның асыл, жасығы,
Зиннан шыққан сөзінде.
Түп-түзу сөйлеп кімің жүр,
Мына заман кезінде.
Ғибрат, үлгі шаһарда,

Түзелмек жанның өзінде (Қарымсақов, 2014, 245 б.) – деген ақынның ой-толғанысы адамның түзелуі өзінің сөзі мен ісінде екендігін аңғартады.

Өзіне-өзі әділдіктің келесі бір тармағы – мақсат қою. Бұл үшін адам өзін табысқа, нәтижеге бастайтын анық мақсаттар мен қағидаларды белгілеу және осы мақсатқа жету үшін нақты өмірлік міндеттерді айқындау.

Ақылың болса жаранлар,
Ғұмырды зайым өткізбе.
Қазіріңді білмейтін,
Түспесін ісің тексізге.
Талабыңнан асырып,

Ұмтылмаңдар бетсізге (Қарымсақов, 2014, 256 б.) – адам бойындағы жалқаулық, өтірікшілік, жалтақойлық қатарлы індеттерден арылып «Бір Алладан басқа бас ұрмайтын» (Қарымсақов, 2014, 260 б.) азамат болудың міндерін Ақыт қажы осылай суреттейді.

3. Жақсы сөздер айту.

Орнына, уақытына, адресатына сәйкес жасалған сөз шешендік сөз деп аталады. Басқаша айтқанда, не, қайда, қашан, кімге, қалай айту керектігін білетін адам жақсы шешен, айналасындағы адамдарға әсер ету қабілеті бар. Сөз адамның ішкі дүниесін көрсетеді. Өзімен тату болған бақытты адамдар әдемі және сындарлы сөйлейді. Жек көрушілік пен көре алмаушылық сезімі бар адамдар шіркін сөздер айтады (Berger, 2014). Адамдар арасындағы қарым-қатынаста жылы сөздің рөлі айрықша маңызды болып табылады: әдемі, ілтипатты сөздер жүректерге әсер етіп, іс-әрекеттерді жеңілдетеді. Мұхаммед пайғамбар жақсы сөз айтуды садақа деп бағалап, адамдардың жүрегін жаулаудың бір жолы ретінде сәлемді жария етуді ұсынған. Сонымен қатар, Құран Кәрімде Алла Тағала мұсылмандардан әдемі сөздер айту арқылы басқаларға ізгілік көрсетуін сұрайды: «Алла қандай мысал берді: Көркем сөз, тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді. Ол (ағаш) Алланың бұйрығынша, әр уақыт жемісін береді. Алла адам баласына насихат алуы үшін мысал келтірді. Ал енді (Аллаға серік қатылған) жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орнықсыз ағаш сияқты» (Құран Кәрім, 2018, 14/24-26).

Демек, көркем мінезді адам үнемі басқаларға жақсы сөздер айтып, оларға қатысты ізгі ойда болады. Егер қандай да бір қате немесе жаман іс жасалса, ол оған өкінеді және

оның орнын толтыру үшін ізгі амалдар жасауға ұмтылады. Сонымен қатар, ол өз ортасындағы адамдардың көңілін табуға және олардың разылығын алуға тырысады. Бұл жағдайды Әл-Ғазали «себебі жақсы мінез адамдарды бақытқа жеткізеді» - деп баяндайды (Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы, 2023, 156 б.).

Қазақ халқы ежелден адамдарға жақсы сөз айтудың, жақсы ойда болудың маңыздылығын дәріптеп отырған. Олар «жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады», «жақсы сөз-жарым ырыс», «жақсы сөз - жанға қуат» сияқты мақал-мәтелдерде бейнеленген.

Ақыт Үлімжіұлы шығармаларында жылы сөз айтудың маңыздылығы мен мәні туралы көп жерде айтылған. Айталық, оның «Дәләйұл Ғақлия» өлеңінде бұл туралы былай баяндалады:

Дархан мінез, жақсы сөз

Құтқарғандай сан дерттен.

Қабағың бүгін салыңқы,

Сөзің жаман талыңқы.

Бұл мінезің көргенде.

Көңілім жаман қалыңқы (Қарымсақов, 2014, 147 б.).

Осылайша, Ақыт «жылы сөз жан семіртеді» деген қазақ даналығымен, «Әй Мүміндер! Алладан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер» (Құран Кәрім, 2018, 33/70) - деген Құран аяттарымен ұштаса тіл қатады.

4. Кішіпейілділік және қарапайымдылық.

Қарапайымдылық ұғымы «қарапайым, әшекейсіз, қоспасыз, ою-өрнексіз, көрнектілігі жоқ, монополиясыз, шашыраңқысыз» деген мағыналарды білдіреді. Бұл ұғымға қатысты адамдар арасында әртүрлі көзқарастар қалыптасқанымен, зерттеушілер оны сенім, қаржылық жағдай, әлеуметтік мәртебе және білім деңгейі сияқты факторлармен байланыстырады деп анықтаған. Сол себепті, қарапайымдылықты қысқаша түрде қажетті нәрсеге қанағат ету деп сипаттауға болады. Қарапайым өмір – табиғи, боямасыз, шынайы және көріксіз өмір, яғни адамның әртүрлі ою-өрнектен, әшекейден алшақ, табиғи түрде әрекет етіп, өндіріп, ысырапсыз, бір-біріне көмектесу арқылы өмір сүруі. Сонымен қатар, қарапайым өмір салауатты және бейбіт өмірге де қатысты болуы мүмкін. Қарапайымдылық әдетте шындықтың белгісі ретінде қарастырылып, діни ілімдер адамдардың өмір салтын қалыптастыруда маңызды фактор ретінде көрініс табады. Діннің менталитетке қатысты дүниетанымдық және заттарға, табиғат пен материяға көзқарас элементтері адамның өмір салтын анықтауда айрықша рөл атқарады.

Ислам діні бойынша дүние тіршілігі – мәңгілік бақытқа жететін жер. Осы тұрғыдан алғанда, әлем – адам баласының игілігін көретін нығмет елі. Өйткені бұл нығметтерсіз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Сол себепті Құранда дүние нығметтеріне көп мән берілген. Оның оң және теріс жақтарына назар аударылған. Бұл нығметтерді жалпы түрде тауарлар (экономикалық құндылықтар), әйелдер, балалар, азық-түлік, сусындар және киім-кешек деп санауға болады. Адамдардың дүние-мүлкі, лауазымы, денсаулығы мен өмірінің сұлулығы жағынан айырмашылықтары илаһи қалау талабы екенін, демек, бұл дүниеде абсолютті теңдіктің мүмкін еместігін атап көрсетеді. Құран Кәрімде бұл туралы: «Дүние тілеген бұларға да ақырет тілеген оларға да Раббыңның мәрхаметінен береміз. Негізінен Раббыңның берері тыйылмайды» (Құран Кәрім, 2018, 17/20).

Қайырымдылық адам баласының нәпсіні тәрбиелеп, рухани кемелденуге жетуіндегі ізгі қасиеті. Бұл туралы зерттеуші ғалым Ж. Сандыбаев еңбегінде Әл-Ғазалидің қайы-

рымдылық туралы мына сөзін келтіреді: «Пақырдың қарнын тойдыру, шөлдеген адамға су беру, еңбек қылған адамның ақысын қайтару, мұқтаждың сұрағанын беру сияқты амалдар қайырымды амалдардың қатарында. Адамдарға пайдасы тиетін қандай да бір іспен шұғылдану олар үшін жасалған ең үлкен қайырлы істердің бірі болмақ» (Сандыбаев, 2019, 51 б.).

Кішіпейілділік пен қарапайымдылықтың құндылығы Ақыттың шығармаларының негізгі мәселесі. Ол адамды тәкаппарлықтан, менмендіктен аулақ болып, қарапайым және кішіпейіл болуға үндейді. Сондай-ақ, кішіпейілділік қасиетін Алланың алдындағы шынайы құлшылықтың белгісі және адамның рухани тазаруының маңызды шарттарының бірі деп сипаттайды. Ақынның «Қайтер едік» атты өлеңінде қайырымдылық пен кішіпейілділік туралы былай баяндалады:

Қайтер еді жігіттер,

Тым қымбатты кимесек.

Мақтаныш үшін борышты,

Үсті-үстіне үймесек – деп сән-салтанатқа берілген өмірді аяусыз шенеп өтеді де, одан арылудың жолын да көрсетеді:

Қайтер еді онан да,

Оқытсақ бұған баланы.

Өсіріп малды қорғасақ,

Жылыап қысау, қораны.

Бойды емес, ойды түзедік.

Ғылымнан тауып жобаны (Қарымсақов, 2014, 424 б.).

Қайырымдылық ислам дінінде сауабы мол амалдардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл – өзге адамға көмек көрсету, садақа беру және тапқан дүниесінен немесе қаржысынан белгілі бір бөлігін мұқтаж жандарға зекет ретінде беру, яғни ислам құқығы шариғатпен бекіткен әлеуметтік-этикалық іс-әрекеттерге жатады.

Зекет – араб тілінде көбею, өсу, тазару деген мағынаны білдіреді. Шариғи мағынасы болса, бай, яғни байлықтың өлшемі ретінде қабылданған мал-мүлкі (нисаб) бар мұсылмандардың Құранда көрсетілген топтарға жұмсайтын белгілі бір үлесін білдіреді. Исламдағы бес парыздың бірі саналатын зекет құлшылығы А. Үлімжіұлының өмірі мен өлеңінде қатар көрініс тапқан. Олай дейтініміз, исламтанушы Самет Оқанұлы «Зекет» кітабында Ақыт қажы Үлімжіұлының ел көктеуліктен көшіп, жайлауға жайғаса бастаған уақытында, қасына 4-5 адам ертіп алып, елді аралап зекет жинауға шығып, жайлауға қоныстанған елдің бір шетінен бастап, әрбір ауылға ат басын бұрып, сол елді мекеннің халқына дінді, зекеттің мәні мен маңызын түсіндіріп, зекет жинайтынын айтады. Осы сапарында Ақыт зекеттен жиналған малдарды санап, реттеп кедейлерге, мұқтаж жандарға бөліп беріп отырған (Оқанұлы, 2020).

«Ақыт пақыр қолыма алдым қалам» атты өлеңінде А. Үлімжіұлы зекет туралы былай толғайды:

Зекетсіз жиған мал харам,

Зекетін төлеп бармаса.

Зекет парыз болмайды,

Шәриғат кескен өлшемге,

Аз ғана малы толмаса (Қарымсақов, 2014, 278 б.).

1. Иман және рухани тазалық.

А. Үлімжіұлы ислам дінінің қағидалары мен мұсылманшылықтың негіздерін жырлай отырып, халықтың санасын оятып, ұлттың рухани оянуына қызмет етті. Оның шығармалары имандылық пен рухани тазалыққа шақыруға да бағытталған. Ақыт өлеңдерінде иманды тек исламдағы сенім мен құлшылықтармен ғана шектемейді. Ақыт дүниетанымында иман – сенім негіздері мен адамгершілік, этикалық жүйелердің тоғысқан биігі.

Әдепті болса – иман сол,
Өнерлі болсаң – жиған сол.
Түзу жүріс, халал ой,
Өз нәпсісін тиған сол.
Күйеуін күтіп қатындар,

Бес парызды өтесе,

Шариғатқа сыйған сол – деу арқылы Ақыт иман мен адамгершілік, рухани тазалық қатар жүруі тиіс деп тұжырымдайды. Ақынның бұл тұжырымы Құран Кәрім аяттарымен үндесіп, сабақтасып жатыр. Мысалы, бұл мәселе Ибра сүресінде былайша беріледі:

«Раббың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне кішірейіп мәрхамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей көр!-де» (Құран Кәрім, 2018, 17/23-24).

2. Отбасы және қоғамдық жауапкершілік.

Қоғамның іргетасы ретінде қарастырылатын отбасы – неке арқылы құрылатын әмбебап және әлеуметтік жүйе болып табылады. Ол ерлер мен әйелдердің өмірін біріктіру мақсатындағы әлеуметтік келісімшарт ретінде әлеуметтік құндылықтар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және заңдар аясында анықталады.

Кең мағынада ол адам түрінің сабақтастығын қамтамасыз ететін, өзара қарым-қатынасты белгілі бір ережелермен байланыстыратын, қоғамда құрылған материалдық және рухани байлықты сол күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа, биологиялық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және т.б. беретін алғашқы әлеуметтену процесін құрайтын аспектілері бар әлеуметтік институт (Dönmezer, 2009, s. 13).

Алайда, отбасы институтын толық институт ретінде қарастыруға болмайды. Өйткені, жалпы алғанда, институттарда формальдылық өте маңызды. Отбасында формальдылық емес, сүйіспеншілік пен шынайылық бар.

Демек, отбасы ұғымы махаббат пен жылылықтың ортасы ретінде бағаланады. Қазақ дүниетанымында отбасы құқығы, отбасындағы ата-ананың орны мен рөлі, балалардың құқығы өте жоғары бағаланған.

Ақыттың еңбектерінде отбасыға және қоғамға деген жауапкершілік те маңызды этикалық құндылық ретінде көрсетіледі. Ол әр адамның өзінің отбасы мүшелеріне мейірімділікпен қарап, оларды құрметтеуін және қоғам алдындағы міндеттерін адал орындауын насихаттайды.

А. Үлімжіұлы өлеңдерінде отбасын қоғамның тірегі және тәрбиенің бастауы ретінде сипаттай отырып, жанұядағы ер мен әйелдің, ата-ана мен баланың рөлін нақтылайды. Ол отбасының берік және үйлесімді болуы үшін әр мүшенің өз міндетін дұрыс орындауының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақ ағартушылығы көш басында тұратын ірі тұлға ретінде А. Үлімжіұлы шығармаларында ата-анаға құрмет және бала тәрбиесіне баса мән береді. Ол ата-ананы құрметтеу және оларға жақсылық жасау – әрбір өнегелі ұрпақтың, кәміл мұсылманның белгісі деп көрсетіп, ата-анаға жақсылық жасамаған жанның күнәсі ауыр болатынын баяндай келіп, «жақсылығы көп болса да, ата-анасын ренжіткен адамның жұмаққа кірмейтінін ескертеді» (Қарымсақов, 2014, 20 б.).

А. Үлімжіұлы «Нұғмаға» өлеңінде ата-анаға құрмет пен бала тәрбиесі туралы былай толғайды.

Әдепке көндірі балаңды,
Жақсылық қайыр жолдасың.
Сыйласаң ата-анаңды,
Өзіңді күтер артқы жан,
Өзің күтсең ағаңды (Қарымсақов, 2014, 248 б.).

3. Адам жанына зиян келтірмеу.

Барлық монотеистік діндердің ортақ құндылықтарының бірі – адам бақытын қамтамасыз ету болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, адам өмірі оның негізгі құндылықтарын қорғаудың басты қағидаларының бірі ретінде қарастырылады. Монотеистік діндер адам өміріне қатысты мынадай төрт негізгі ережені ұсынады:

- Адамның жанын,
- Адамның мал-мүлкін,
- Адамның ақылын;
- Адамның дінін қорғау.

Адам – ең ұлы тіршілік иесі болып табылады. Оның өмірі діндерде қасиетті деп саналатын негізгі қағидаттардың бірі ретінде қарастырылады. Ислам діні де адам өміріне үлкен мән беріп, оны «мақлұқтардың ұлысы» деп қабылдайды. Мұндай құнды жанды өмірден алу тек Аллаға тән, ал басқа жаратылыстың, тіпті адамның өз өмірін тоқтатуға құқығы жоқ. Кісі өлтіру қоғамдағы тыныштық пен тәртіпті бұзады. Сондықтан жақсы мұсылман ешқашан кісі өлтіру туралы ойламайды және басқаларды бұған итермелеуден аулақ болады.

Аристотель мен Абай философиясына үндес Ақыт та адам тумысынан қоғамдық мақлұқ және ол басқа адамдармен қауымдасып, ұжымдасып өмір сүреді деген ұстанымды ұстанады (Мұтанов және т.б., 2014). Яғни, адам өзінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басқа адамдардың қолдауы мен көмегіне мұқтаж. Алайда, адамның осы мұқтаждығын ескермей, оның өміріне қауіп төндіру адамдық логикаға жат деп қаралады.

Ислам діні адам өлтірудің алдын алу үшін кек алу, яғни өлім жазасын жүктеп, бұл ережені орындауды мемлекет пен қазыға тапсырған. Құран Кәрімде қасақана кісі өлтірудің жазасы тозақта мәңгі қалу екені айтылады» (Құран Кәрім, 2018, 4/93). Сонымен қатар, адамды қасақана өлтіру бүкіл адамзатты өлтіру дегенді білдіреді. Осымен қатар, кімде-кім бір тірі жанды құтқарса, барлық адамдарды құтқарғанмен бірдей.

Демек, адам өлтіру қайсы дінде болмасын қылмыс. Қазақы дүниетанымда да адам жанына зиян келтіру үлкен қылмыс деп айыпталады. Ел арасындағы мұндай заңсыздықты тию мақсатында қазақ халқы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі

жолы», «Тәукенің жеті жарғысы», «Төрт би Төре заңы» сияқты хандық және таяу заманғы заң-жарғылар аясында өмір сүрді және халықтың бас амандығын заңмен қорғады. Қазақ жыраулары шығармаларында кісі өлтірудің, мойынға адам қанын жүктеудің ауыр қылмыс екенін айтып, халықты сақтандырды.

Қорытынды

Ақыттың «Хас жақсы» ілімі мен Абайдың «Толық адам» іліміндің екеуі де адамды рухани кемелденуге жетелейтін ең жоғары стандарт болғанымен, олардың арасында мазмұндық айырмашылықтары бар. Айталық, толық адам ілімі адамның рухани кемелденуін, өзін-өзі тануын, рухани таза болуын қамтыса, Хас жақсы ілімі адамның адамгершілік қасиеттерін және оның жақындарымен, дос-туыстарымен, қоғаммен шынайы байланыста болуын қамтиды.

Қорыта айтқанда, Ақыт қажы Үлімжіұлы дүниетанымындағы Хас жақсы – жоғары адамгершіліктің иесі, өз өмірін жеке рухани жолын іздеуге арнаған, тән қалауы мен жердегі барша қызықтан бас тартып, бар өмірін пайғамбардың ілімін уағыздаумен өткізген адам. Ақыт Үлімжіұлы өлеңдерінде кемелденген қоғам құру туралы арнайы тоқталмаса да, ол ұсынған адам бойындағы ізгі, имани қасиеттер қазіргі қоғам үшін әлі де өзекті. Сондықтан түркі дүниетанымындағы, сондай-ақ Фарабиден бастау алған ғұлама-ойшылдар мен жыраулардың дүниетанымындағы рухани құндылықтарды жастардың санасына сіңіру маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиет

Berger, J. (2014). Word of mouth and interpersonal communication: A review and directions for future research. *Journal of Consumer Psychology*, 24(4), 586–607. <https://doi.org/10.1016/j.jcps.2014.05.002>

Bulut, H. İ. (2015). Semavi dinlerin ortak ahlak ilkeleri ya da evrensel değerler. *Yakın Doğu Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 1(1), 145–162.

Бұланұлы, Ж. (2023). Сопылық ілімі: тарихы, мәні және сипаттамасы. Алматы.

De Micco, F., & Scendonì, R. (2024). Three different currents of thought to conceive justice: Legal and medical ethics reflections. *Philosophies*, 9(3), Article 61. <https://doi.org/10.3390/philosophies9030061>

Dong, M., Kupfer, T. R., Yuan, S., & van Prooijen, J. W. (2023). Being good to look good: Self-reported moral character predicts moral double standards among reputation-seeking individuals. *British Journal of Psychology*, 114(1), 244–261. <https://doi.org/10.1111/bjop.12608>

Dönmezer, İ. (2009). *Ailede iletişim ve etkileşim* (6th ed.). Ankara.

Ғазали, Ә. Х. М. ибн М. (1978). *Манаһиж әл-Ғабидин*. Каир: Икра.

Қарымсақов, А. Ү. (2014). Ақыт Үлімжіұлы шығармалары (Т. 1). Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы.

Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы. (2023). *Сопылық*. Астана: Муфтият баспасы.

Құран кәрім. (2018). Қазақша түсіндірмелі аударма (А. Әкімханов & Н. Анарбаев, ауд.). Алматы.

Кузин, Ф. А. (2011). *Методика написания. Правила оформления. Порядок защиты: Практическое пособие для докторантов, аспирантов и магистрантов*. Москва: Ось-89.

Мұтанов, Ғ., Таджикова, К., Хасанов, Ш., т.б. (2014). *Әл-Фараби және қазіргі заман*. Алматы: Қазақ университеті.

Оқанұлы, С. (2020). *Зекет*. Алматы: Көкжиек баспасы.

Реми, Х. (2015). *Философияның таңдаулы 25 кітабы* (А. А. Рыскиева & Ә. А. Құранбек, ауд.). Алматы: Ұлттық аударма бюросы.

Сандыбаев, Ж. С. (2019). *Әбу Хамид әл-Ғазалидің «ахлақ» ілімі*. Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы.

References

- Berger, J. (2014). Word of mouth and interpersonal communication: A review and directions for future research. *Journal of Consumer Psychology*, 24(4), 586–607. <https://doi.org/10.1016/j.jcps.2014.05.002>
- Bulut, H.İ. (2015). Semavi dinlerin ortak ahlak ilkeleri ya da evrensel degerler [Common moral principles of revealed religions or universal values]. *Yakin dogu universitesi ilahiyat fakultesi dergisi*, J. 1, N 1, – 145. [in Turkish]
- Bulanuly, Zh. (2023) Sopylik ilimi: tarikhy, mani zhane sipattamasy [The Doctrine of Sufism: Its History, Essence, and Characteristics]. – Almaty. – 464. [in Kazakh]
- De Micco, F., & Scendoni, R. (2024). Three different currents of thought to conceive justice: Legal and medical ethics reflections. *Philosophies*, 9(3), Article 61. <https://doi.org/10.3390/philosophies9030061>
- Dong, M., Kupfer, T. R., Yuan, S., & van Prooijen, J. W. (2023). Being good to look good: Self-reported moral character predicts moral double standards among reputation-seeking individuals. *British Journal of Psychology*, 114(1), 244–261. <https://doi.org/10.1111/bjop.12608>
- Donmezer, İ. (2009). Ailede İletişim ve Etkileşim [Communication and Interaction in the Family]. (6th ed.). Ankara. [in Turkish]
- Gazali, Abu Khamid Mukhammed ibn Mukhammed (1978). *Manahizh al-Gabidin*. Kair: Ikra. [in Arabic]
- Karimsakov, A.U. (2014) *Akyt Ulinzhiuly shigarmalary* [The works of Akhyt Ulimzhiuly]. Tort tomdik. Xinjiang khalik baspasy. T.1. [in Kazakh]
- Kazakhstan Musulmandari Dini baskarmasy. (2023). *Sopylik [Sufism]*. Astana: Muftyat baspasy. [in Kazakh]
- Quran karim (2018) *Qazaqsha tusindirmeli audarma* [The Holy Quran: A Kazakh Translation with Commentary (Explanations)]. Aud: A.Akimkhanov, N.Anarbayev. Almaty. [in Kazakh]
- Kuzin, F.A. (2011). *Metodika napisania. Pravila ofermelenie. Poriadok zashiti* [Methodology of Writing. Formatting Rules. Defense Procedure]. *Prakticheskoe posobie dlia doktorantov, aspirantov i magistrantov*. Moskva; Os'-89. [in Russian]
- Mutanov, G.K., Tadjykova, K.Sh., Khasanov, Sh., t.b. (2014). *Al-Farabi zhane kazirgi zaman* [Al-Farabi and the Modern Era]. Almaty: Kazakh universiteti. [in Kazakh]
- Okanuly, S. (2020). *Zeket [Zakat]*. Almaty: Kokzhiiek baspasy. [in Kazakh]
- Remi, H. (2015). *Filosofyanin tandauli 25 kitabi* [25 Essential Books in Philosophy]. aud: Riskiyeva Quranbek, A.A. Almaty: National Translation Bureau. [in Kazakh]
- Sandybayev, Zh.S. (2019). *Abu Khamid Al-Gazaliding «ahlak» ilimi* [The Ethical Doctrine of Abu Hamid Al-Ghazali]. Almaty: Nur-Mubarak baspasy. [in Kazakh]

Авторлардың үлесі

Махмет М. – мақаланың жалпы жазылу идеясын айқындап, тұжырымдамасына, логикалық бірізділігі мен деректердің дұрыстығына жауап берді.

Ержан Қ. – мақаланың мазмұнына үлес қосып, редакциясына, рәсімделуіне жауап берді.

Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Қаржыландыру

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан №BR24993035: «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы жоба аясында әзірленіп, жарияланды.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Мұратхан Махмет – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Әл-Фараби даңғылы 73. Алматы, Қазақстан, e-mail: murat1215@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7346-0126>

Мұратхан Махмет – PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: murat1215@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7346-0126>

Muratkhan Makhmet – PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Al-Farabi Avenue 73. Almaty, Kazakhstan, e-mail: murat1215@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7346-0126>

Қалмахан Ержан – PhD, қауымдастырылған профессор. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Әл-Фараби даңғылы 73. Алматы, Қазақстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1951-586>

Қалмахан Ержан – PhD, ассоциированный профессор. Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1951-586>

Kalmakhan Yerzhan – PhD, Associate Professor, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Al-Farabi Avenue 73. Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1951-586>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 26.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026